



## Ақмешіт

24 қазан  
сейсенбі  
№84 (1991)  
2023 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

### ЕГЕМЕНДІККЕ ЖОЛ САЛҒАН ҚҰЖАТ



25 қазан – Республика күні. Бұл кез келген мемлекет үшін мәні мен мағынасы зор мереке. Біздің еліміз үшін бұл мереке 1990 жылы 25 қазанда «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның» қабылданған тарихи күніне сәйкес аталып өтіледі.

Республика күні – азаттықты аңсаған бабаларымыздың азаттық үшін жан алысып, жан беріскен асқақ рухы алдында тағы бір тағзым ететін тарихи күн.



Осы ретте, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Республика күні» елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы ретінде ескеру қажет екендігін атап өтіп, 25- қазан республика күні – Ұлттық мереке ретінде мерекелік күнтізбемізге (2009 жылы алып тасталған болатын) 2022 жылдан бастап қайта енгізілді.

Бұл – Тәуелсіздік декларациясы қабылданған, ұлттық стратегиялық мүдделеріміздің анықталған, бостандық пен еркіндігіміздің бастауы болған күн. Сондықтан бұл құжаттың маңызы жыл өткен сайын арта бермек. Бүгінде тарихи құжаттың қабылданғанына 33 жыл толып отыр. Бір қарағанда тым азғантай мерзім.

Алайда осы жылдар аралығында Қазақстан аяғынан қаз тұрып қана қоймай, әлемдік өркениетте орны бар әлеуетті мемлекет ретінде қалыптасты. Экономикасы дамып, әлеуметтік жағдайы нығайып, елдің еңсесі көтерілуде.

2 БЕТТЕ

### Сен аман бол, ҚАЗАҚСТАН!

Көтеріп көкжиектен делегейін,  
Келесің ақ бауырлы кемедейін.  
Мен болмасам болмайын,  
Қазақстан!  
Сен аман бол,  
Сен үшін мен өлейін.  
Сенсіз өмір болады қалай маған,  
Шандақтың шартарапқа жел айдаған.  
Қаңғырып жүрер едім қай бұрышта,  
Қазақстан бермесе арай маған.  
Амансың зой...  
Барсың зой...  
Орныңдасың.  
Орныңды таппай Құдай қор қылмасын.  
Көп көрдік көңіл мұңын,  
Елдің жасын,  
Жақсылыққа бастағай жолдың басын.  
Тоқсан жолдың торабы  
Алаңдарсың,  
Қараулықтан қаш аулақ  
Қараң қалсын.  
Құлық болмай сол кезде  
қыңқылдасам,  
Құдай менің жанымды табанда алсын.  
Құлайын Қызылқұмда қызыл нардай,  
Ізіңнен жатайыншы жүзімді алмай.  
Саулығыңды тілейін Жаратқаннан,  
Құрап, жанып кетсем де түгім қалмай.  
Алаңдама,  
Артыңа қарамашы.  
Қайда қалмас жсігіттің қара басы.  
Түк емес, шырылдаса шығар жаным,  
Бір жаным –  
Бар қазақтың садағасы.  
Естідің таудың мұңын, көлдің зарын,  
Ұмытпа жердің жайын, елдің қамын.  
Ақылдылар азғанда сұм болады,  
Сұмдарды көш басына қондырмағын.  
Тігілеп туырлықты кеспей үшін,  
Арқауыңды қылышпен шешпей үшін.  
Өмір сүрсем сүрерім,  
Дұшпанға айбат,  
Өлсем де мен өлейін,  
Тек сен үшін.  
Ақ сарайың тартатын көз алыстан,  
Ақ сәулесі әлемге тарап ұшқан.  
Мен болмасам болмаспын,  
Сен аман бол,  
Жиһандағы жалғызым – Қазақстан!

Қазі ДАНАБАЕВ,  
жазушы



#### ■ СҰХБАТ

Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

### Халық аманаты қаперден шықпайды

Сұхбатымыздың бүгінгі қонағы – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов. Халық қалаулысы «AMANAT» партиясы сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылу барысын бағамдауға Сыр өңіріне сапарлап, қала тынысы мен қатар шалғайдағы ауылдардың жай-күйін көзбен көріп, жергілікті тұрғындармен кездесіп, олардың талап-тілегін тыңдаған болатын.

2 БЕТТЕ



### Ауыл халқына үміт сыйлаған бағдарлама

Аймақта «Ауыл аманаты» жобасы сәтті жүзеге асуда. Биыл басталған жобаны жүзеге асыруға 3 млрд теңге қаржы бөлінген. Әлем елдерінің арасында тың тәжірибе жинақтаған жоба шалғай аймақтарды да қала деңгейіне көтеруге жол ашады.

Шалғай ауылдардың даму үдерісі ел президентінен бастап, облыс, аудан әкімдерінің қадағалауында. Нақты талап-ережелері барлық ауылдық елді мекенде түсіндірілуде. Негізгі басымдық өңдеу, кооперативтерді дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша егін және мал шаруашылығы өнімін өңдеуге және басқа да бизнес жобаға берілуде. Ауыл халқының табысын арттыру шеңберінде шалғайдағы ауылдық округтерге микрокредит беру және кооперативтерді ынталандыру бағыты алға қойылған. Бұл жұмысты үйлестіруші ретінде «Байқоңыр» ӘКК» АҚ анықталып отыр.

Байқоңыр ӘКК» АҚ басқармасы төрағасының орынбасары Мадали Әлішерұлының айтуынша, «Ауыл аманаты» бағдарламасы басталған сәтте жеңіл жолмен пайда табуды көздегендер де кездескен. Олар алаяқтық жолмен «несие алып беруге және рәсімдеуге көмектессемін, танысым бар» деген сылтаумен кәсіпкерлерден қолмақтары қаражат алып, алдап кету жағдайы орын алған. Осыған байланысты ол бағдарлама жөніндегі мәліметті тек «Байқоңыр ӘКК» АҚ әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан ғана білуге болатынын жеткізді.

4 БЕТТЕ



#### ■ ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП...

Осыдан 3 жыл бұрын елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі іске қосылды. Бұл денсаулық сақтау саласын жақсартуға, халыққа сапалы қызмет көрсетуге, медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға бағытталған еді.

### Дау болған МӘМС

Жаңа жүйе іске асқалы денсаулық саласын қаржыландыру екі есеге артқан. Мәселен, 2019 жылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне шамамен 1 трлн теңге бөлінсе, биыл халыққа көрсетілетін медициналық көмекті қаржыландыруға 2,5 трлн теңгеден астам қаржы қарастырылған. Сала мамандары мұның өз кезегінде медициналық көмек көрсетуді жақсартуға мүмкіндік бергенін айтады. Алайда МӘМС жүйесі төңірегінде қарапайым халыққа түсініксіз жайттар көп. Тіпті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі Үкіметтің кеңейтілген отырысында медициналық сақтандыру жүйесінің тиімсіз болғанын, нәтиже жоқтығын баса айтты. Сондай-ақ 3 миллионға жуық адамның медициналық сақтандырудан тыс қалғанын, салдарынан олардың денсаулық сақтауда көрсетілетін қызметтерді толық пайдалана алмайтындығын жеткізген. Осындай олқылыққа жол бергені үшін тиісті сала басыптарына да қатаң ескерту берген еді.

Жаз бойы ел аралап, халықтың мұң-мұқтажын тыңдаған депутаттар МӘМС жүйесінің ең өзекті мәселе болғанын Мәжіліс отырыстарында үнемі айтып келеді. Мәселен, Ринат Зайытов жүйені уақытша тоқтату керектігін жеткізді. Алайда МӘМС қорының төрағасы жүйені тоқтататындай тиімсіз еместігін алға тартты.

Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният депутаттарға МӘМС жүйесі іске қосылғалы медициналық қызмет алу көпшілікке қолжетімді болғанын айтты. Министрдің айтуынша, медициналық сақтандыру жүйесі салаға оң әсер еткен. Яғни МӘМС енгізілген соң арқылы көмек алушылар саны 3,2 есеге артқан. Ауылдарда жылжымалы медициналық кешендер есебінен өткен жылы 1 миллион 600 мыңдай адам медициналық көмек алған. Сондай-ақ дәрігер қабылдауының, зертханалық талдаудың және аспаптық диагностиканың қолжетімділігі 7 есе артқан. Балаларға стоматологиялық қызмет алуға мүмкіндік туған. МӘМС-ке дейін халықтың әлеуметтік осал 8 тобы ғана қымбат КТ және МРТ-ға қол жеткізе алса, былттыр мұндай қызмет 1,5 миллионға жуық адамға көрсетілген. Жаңа бағдарламаның арқасында бедеулікке тап болған 8 мың жұп ата-ана атанған. Бес мың саби ЭКО әдісімен өмірге келген. Пациенттерге жүрек-қан тамырлары, неврологиялық, онкологиялық аурулар мен жаракаттар үшін медициналық оңалту қолжетімді болған.

3 БЕТТЕ

# ЕГЕМЕНДІККЕ ЖОЛ САЛҒАН ҚҰЖАТ

Алаштың асқақ азаматы Әлихан Бөкейханның «Әр ұрпақ өзіне арналар жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс. Олай болмағанда болашаққа аса көп жүк қалдырамыз» дегендей, бүгінде қазақ елі өзінің болашағының негізін нығайтуда.

Халқымыз «Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді» деген. Бұл жетістіктеріміздің барлығы да біздің ұыздай ұйыған ауызбіршілігіміздің арқасы. Елде тыныштық болмаса, қалыпты өмір сүру өз ырағынан жаңылатыны да белгілі.

Зандылық пен Конституциялық тәртіп сақталмай, экономикалық және әлеуметтік берекесіздік орын алған жерде, адам мен азаматтардың іргелі құқықтары қамтамасыз етілмейді.


Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен

Басы 1-бетте

кейін де оны сақтап қалу, баянды ету, ұрпаққа аманаттау – ұлы борыш. Бұл ретте, мемлекеттік саясатты ел мүддесіне сай жүзеге асырып, өз мүмкіндігімізді толығымен пайдаланып өнімді еңбек ету, аймағымызды айшықты ордаға, озық өндірістің ошағына, жаңа дәуірдің салтанаты жарасқан өңірі ету сіз бен біздің міндетіміз деп білемін.

Бүгінде біздің елімізде үлкен реформалар жасалып, демократиялық процестер өркен алууда.

«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» бағдары нақты жұмыс істеуде. Біздегі жүргізілген реформалар еліміздің алға қарай дамуына, экономиканы түбегейлі жаңғыртуға жол ашты. Аткарушы және өкілді органдар арасында тиімді қарым-қатынас орнады. Сайлауда тек партия тізімі бойынша емес, өзін-өзі



ұсыну арқылы да депутаттыққа түсу мүмкіндігі пайда болды. Премьер-министрдің кандидатурасын сайлауда басым дауысқа ие болып, жеңіске жеткен партия ұсынады. Бұл – барша сайлаушылар алдындағы, елдің бүгінгі мен болашағы алдындағы үлкен жауапкершілік.

Біздің басты мақсат – «Әділетті қоғамды құру», «Адал азаматтарды тәрбиелеу», халықтың әл-ауқатын, өмірін жақсарту.

Декларациядан бастау алған тәуелсіз, егемен еліміздің болашағы жарқын боларына сенім мол.

Бұл бағытта қоғам болып, жүктелген міндеттерді орындауда белсенділік танытуымыз қажет.

Ибадулла ҚҰТТЫҚОЖАЕВ,  
Қызылорда қалалық мәслихат  
торағасы

Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

## Халық аманаты қаперден шықпайды

– ҚР Парламенті Мәжілісі Бюросының қаулысына сәйкес Мәжіліс депутаттары сайлаушылармен кездесу үшін өңірлерге келгенін хабардармыз. Алғашқы кездесу қайда өтті және онда не мәселе қаралды?

– Сыр өңіріне келіп, халықпен кездесу үшін ауылдарды аралауға шықтық. Бұған дейін көтерілген мәселелер мен атқарылған жұмыстарды ой елегінен өткізіп, алдағы жоспарларды саралап, талап-тілектерді тыңдадық.

Алғашқы кездесуіміз Сырдария ауданында болып, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында салынып жатқан әлеуметтік нысандарды аралаумен басталды. Ауданға қарасты Айдарлы, Жетікөл, Аманкелді ауылдарының жастар бригадасындағы еңбеккерлермен кездестік.

Өз тарапымыздан «Ауыл аманаты», «Жер аманаты» партиялық жобалары аясында ауыл жастарына бос жатқан жерлерді тиімді игеру тұрғысынан жан-жақты қолдау көрсетілуі керектігін айттым. Сонымен қатар тұрғындар аймақ үшін маңызды энергетика бағытын

6,59 шақырым жылу желілері жаңғыртылады. Бюджеттік несие есебінен (922,7 млн теңге) 2 жоба бойынша 2,3 шақырым жылу желілері жаңарады. Кәсіпорынның өз қаражаты есебінен (41,3 млн теңге) 3,6 шақырым құбыр ауыстырылады. Бұл жұмыстар жылу желілерінің тозу деңгейін төмендетеді. Сонымен қатар жылу желілерінің құбырларында барлығы 161 ақау анықталыпты. Алдымен 71 ақау қалпына келтірілген. Қалғаны бойынша жоспарға сәйкес жұмыс жүргізіліп жатыр. Осы саланың маманы ретінде жағдайға әділ баға берер болсам, Қызылорда облысы жылу желілерін жаңғырту жөнінен республикада көш ілгері келе жатыр. Қызылорда заманауи жаңа жылу электр орталығын салу жобасы қолға алынғанын да мақтанышымен айта аламыз. Бұл – аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекулының елеулі бастамасы. Республикада алғаш болып, Қызылорда облысында іске асып жатыр. Дәлірек айтсақ, бүгінде Қызылорда қаласында құны 215 млрд теңгені құрайтын, қуаттылығы 240 мегаваттқа жететін жаңа жылу электрстанциясын салу бойынша дайындық жұмысы жүргізілуде. Түрік ағайындармен бірлескен жоба

арнасының бойындағы көлдер жүйесінде 1 млрд текше метрге жуық қысқы-көктемгі тасқын суды жинақтау үшін «Қараөзек» арнасының бойындағы 3 су тоспаны қалпына келтіру «Өңірлік дамуы және Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру жобасына дүниежүзілік банктің қайтарымызсыз гранты есебінен (1,5 млн АҚШ доллары) Солтүстік Арал теңізінің аумағын ұлғайтудың нұсқалары бойынша тиімді шешімдерді жасап, жобаны жалғастыру бойынша уәкілетті органдар тиісті шаралар қабылдаған жөн.

– Аймақтағы күре жолдарды кеңейту кезек күттірмейтін мәселе екенін үкіметке жеткізген болатысыз. Екі жолақты жолдарда көлік апаты көп тіркеліп жатқанын, тіпті адам өлімі көбейген депутаттық сауал ретінде жолдағаныңызды білеміз. Осы мәселе төңірегінде айта кетсеңіз...

– Өзіңізге мәлім, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік автожолының 812 шақырымы Қызылорда облысының аумағынан өтеді. Оның Түркістан мен Қызылорданы жалғап тұрған бөлігі 4 жолақты, ал Ақтөбе облысына дейінгі 566 шақырымы 2 жолақты болып салынған.

Алайда қазір экономикалық әлеует өзгерді, көлік тасымалының көлемі біршама артты. Күре жолдың облыс үшін маңызы да, мәселесі де күн тәртібіне көтерілген. Олай дейтініміз, автожолдың 2 жолақты бөлігі көптеген қиындық туындатады. Оған себеп – жолдың техникалық сипаты мен жол қауіпсіздігінің сын көтермеуі. Осы ретте, аймақтағы күре жолды кеңейту кезек күттірмейтін мәселе екенін айтқым келеді.

Қарсы бағытқа шығып кетуден болатын жол-көлік апаты 4 жолақты Түркістан бағытымен салыстырғанда 2 жолақты Ақтөбе бағытында 5 есе көп болады. Әсіресе Арал ауданындағы Қамыстыбас, Қазалы ауданындағы Ойынды ауылының тұсы және Қармақшы ауданындағы Ірікөл, Кемесалған, Діріментөбе елді мекені мен Жалағаш ауданындағы Таң ауылының маңы қауіпті аймақ қатарында.

Тағы бір ескеретін жайт, аймақтағы ауылдардың басым бөлігі «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік автожолының бойында орналасқан. Сәйкесінше, жол жиегінде қоршау болмағандықтан ауыл тұрғындарының төрт-түлігі тас жолды кесіп өтіп, көлік апатына себеп болып жатыр.

Жуырда Мемлекет басшысы Сыр өңіріне келгенде облыс әкімі мәселені қайта көтерді. Президент Премьер-министрдің орынбасары Р.Склярға мәселені шешуді тапсырды.

– Сыр өңіріне келіп, ауыл, аудан, қала халқымен кездестіңіз. Аймақтың даму динамикасына қандай баға бересіз?

– Президенттің өзі Сырдың даму динамикасы жақсы деді ғой. Тіпті Нағи Ильясов ауылын республикаға үлгі етті. Бұрынғы қызметімде де аймақтың мәселелерімен тікелей айналыстым және оларды шешуге үлес қосу үнемі назарымда.

Айта кетерлігі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қолдауының, облыс әкімі Нұрлыбек Машбекулы бастаған азаматтардың ұйымдастыруының нәтижесінде бүгінде аймақтың даму динамикасында айтарлықтай оң өзгеріс барын көріп отырмыз. Бір жылдың ішінде облыс бюджеті екі есе ұлғайса, инвестиция тарту бойынша республикада алдыңғы қатардан көрінді. Соның арқасында көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселе шешім тауып, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне мүмкіндік кеңейген. Ауыл-аймаққа инфрақұрылым тарту ілгерілеген, облысты газдандыру жұмысы, әлеуметтік нысандар, тұрғын үй құрылысы қарқынды жүреді. Әсіресе жол жөндеу жұмысының ауқымы кең. Өңірдің гүлденуіне демеушілер де атсалысып жатыр. Олардың есебінен 31 млрд 700 млн теңгенің жобалары жүзеге асырылуда. Өрине, мұның барлығы Мемлекет басшысының тапсырмасы аймақта жемісті атқарылып жатқанын көрсетеді.

Халықтың аманатын билікке жеткізіп, оң шешім табуына атсалыстыңызға сенімдіміз. Жұмысыңызға сәттілік тілейміз.

Сұхбаттасқан  
Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА



көтерді. Қызылорда облысында электрмен жабдықтауға барынша көңіл бөлініп жатыр. Ең әуелі электр желілері тозығы жеткен елді мекенде жұмыс жүргізіледі. Бұған қатысты 2023-2025 жылдарға арналған жоспар әзірленген. Соған сәйкес Айдарлы, Жетікөл, Аманкелді, Қоғалықол ауылдарының электр желілерін жаңартуға республикалық бюджеттен қомақты қаржы қарастырылған болатын. Соның шамамен 400 млн теңгесі Айдарлы ауылына бөлініп, электр желісі қайта жаңғыртылуда.

Бұған дейін шешімі табылмай келген «Қызылорда – Айдарлы» автожолының биыл жөндеуінен көрдік. Ал аталған жол партияның сайлауалды бағдарламасының жол картасы аясында жөндеуден өткізілген. Бұдан бөлек, Аманкелді ауылдық емханысының базасы жаңа флюорография аппаратымен толығыпты.

Сонымен қатар Қалжан ахун, А.Токмағамбетов ауылдарында, Теренөзек кентінде болдық. Мұнда салынып жатқан әлеуметтік нысандардың, жөнделіп жатқан көше жолының құрылысымен таныстық. Тұрғындармен тілдестік.

– Көктем және жаз мезгілдерінде қысқы жылу беру маусымына мүлтік дайындалу қажет. Бұл Мемлекет басшысының бақылауында. Үкіметке де қатаң тапсырды. Сіздер бұл мәселені сапар барысында қандағалаған боларсыздар?

– Осы мақсатпен Қызылорда қаласындағы жылу электр орталығының жұмысымен таныстық. 2023-2024 жылдардағы жылу беру маусымына дайындығын назарымыздан өткіздік. Оған тиісті қаражат қарастырылған. ЖЭО-да жақсы жағдай бар. Оны айрықша атап өткізіп келеді. Биыл 12,5 шақырым жылу желісі жөндеуде деп жоспарланды. Бұл үшін 9,1 млрд теңге қаржы бөлінген. Соның ішінде, 8,1 млрд теңге республикалық бюджет есебінен. Бұған 6 жоба бойынша

Басы 1-бетте

Республика күні қалай тойланады?

25 қазан – Республика күні Сыр өңірінде түрлі ғылыми-танымдық, мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылмақ. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов айтты.

– Биыл Ұлттық мереке - Республика күні облысымыздың 85 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келуде. Мерейлі мерекеге «85 жылдыққа – 85 игі іс» жалпыхалықтық акциясы және де осы бағытта көптеген іс-шаралар жоспарланған. Сонымен қатар «Сыр елі» энциклопедиясы мен облыс тарихына арналған кітаптың тұсауы кесіледі.

Облыстың тарихы мен бүгінге арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция өтеді. Бұл шаралар аймағымыздың тұрғындарына, оның ішінде, жастарымызға қайраткер ағаларымыздың еңбегін, бүгінгі жетістіктерімізді және алдағы міндеттерді бағамдай алуға септігін тигізеді.

Жылдың аяғына дейін қала және аудандарда түрлі әлеуметтік нысан, жол, көпір мен көпқабатты тұрғын үй және дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінен бөлек балабақша мен дәрігерлік амбулаториялар секілді 60-қа жуық әлеуметтік нысан ашылып, ел игілігіне табысталады, – деді Шахмардан Байманов.

Одан бөлек мереке күнін жоғары деңгейде өткізу үшін дайындық жұмыстары қарқынды жүреді. Жоспар бойынша облыс, қала және оған қарасты аудандарда мерекені кеңінен атап өту мақсатында арнайы іс-шара бекітілді. Олар қоғамдық-бұқаралық, мәдени-көпшілік, ғылыми-танымдық және спорттық бағыттарды қамтитынын жеткізді.

Қала және аудан орталықтарында мерекелік көрнекі бәсендірілуіне ерекше мән беріліп, мерекелік концерт, мемлекеттік ту көтеру салтанаты жасау мен жыр кештері және ақындар айтысымен қатар шешендер байқауы өтеді. Сондай-ақ әскери-спорттық сайыстар мен кездесу кештері және кітап көрмелері ұйымдастырылады. Сонымен қатар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде зиялы қауым мен ғалымдардың қатысуымен дөңгелек үстелдер, сарапшылар кеңестері өткізілмек.

Н.АЛТЫН

## Ауылдың жаңа клубы

Қарауылтөбе ауылдық округінде жаңа клуб пайдалануға берілді. 2 қабаттан тұратын ғимарат 150 орынды құрайды.

Жаңа ғимараттың ашылу салтанатына қатысқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тұрғындарды қос мерекемен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

– Баршаныңды көптен күткен қуаныш – жаңа клубтың ашылуымен пын жүректен құттықтаймын. Өздеріңіз де білесіздер, өткен аптада облысымызға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев арнайы жұмыс сапарымен келіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң бағасын берді. Қызылорда қаласындағы «Анаға тағзым» орталығын аралап, мұндай орталықтың жас ұрпаққа тәлім-тәрбие берудегі маңызын атады.

Еңсесін тіктеп, ертеңгі ойлаған ел алдымен мәдениетке бет бұрады. Ауылдың мәдениеті өсіп-өркендесе, балалардың өнер мен білім-ғылымға деген құлшынысы артады. Сондықтан мұндай руханият ордасының ашылуы – өңірдегі жарқын жаңалықтың бірі. Енді ауыл тұрғындары осы жерде жиналып, түрлі кештер және іс-шаралар ұйымдастыра алады. Заманауи үлгідегі жаңа клубы бар ауылдан небір талантты ұл-қыздардың түлеп ұшатынына сенемін, – деді облыс әкімі.



Сонымен қатар клуб ғимаратын аралап, көркемөнер үйірме бөлмесімен және «Бегім ана» бірлестігінің жұмысымен танысты. Онда жаңадан қолөнер бұйымдары мен бисермен тоқу және мольбертке сурет салу үйірмелері ашылған. Мұнан соң облыс әкімі тұрғындармен кездесіп, пікірлерін тыңдады.

Н.СЕРІКБАЙ



